

DIDAR

РЕФЕРЕНДУМ-2022

Жаңа Қазақстанның өлшемі – әділетті қоғам

Республикалық референдум өткізуге санаулы күндер қалды. Ел арасына үгіт-насихатпен қатар, түсінік жұмыстарын жүргізуге заң шығарушы билік өкілдері де бел шеше кіріскен. Жуырда Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Сайыров Тарбағатай ауданының ауылдарында болды.

Ерлан БАПАНОВ, ТАРБАҒАТАЙ

Басты тақырып – референдум. «Бұл қоғамға не береді, қандай өзгерістерге бастайды, бұрын айтылып жүрген күрмеулі мәселелердің шешілуіне ықпалы бар ма?» деген сұрақтар төңірегінде пікір алмасылды. Ақжар ауылындағы кездесуде депутат референдум арқылы өзгерістер мен толықтырулар енетін заң жобасының негізгі бағыттарын талдап-тарқатып айты.

Тұрғындардың бірі Ербол Қанафин жергілікті бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жергілікті қоғамдастық мүшелерінің белсенділігін әлі де жандандыра түсу қажеттігіне назар аудартты. Елдің көкейінде жүрген сұрақты қозғаған Төлеген Қалимажан Қалбатау – Боғас арасындағы жолаушылар мен көлік жүргізушілерді тиықтатып мезі еткен автожолдың мәселесін айта келіп, ең болмағанда қырып тегістеп, су сеуіп отыруға болмас па деді.



НӘУБЕТ

Босқыншылық қасіреті

Соңғы кездері нәубет жылдарының себеп-салдарына терең үңіліп, шынайы бағалау үрдісі белең алып келеді. Оған 2020 жылдың 24 қарашасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қоюы екпін берді.

Ержан ӘБИШ

Комиссияның негізгі бір мақсат-міндеті – босқыншылық. Осыған байланысты арнайы республикалық және аймақтық жұмыс топтары құрылып, зерттеу жүргізілуде. Біз комиссияның босқындар жөніндегі республикалық жұмыс тобы мүшесі, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің профессоры, тарихшы Раушан Айдарбаевамен жолығып, атқарып жүрген ғылыми жұмысы туралы білген едік.

– Босқыншылықты қазақ халқы ХХ ғасырда екі рет бастан кешірді. Алғашқысы 1916-1921 жылдары болды. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысын Ресейдің аяусыз басуы, 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы, 1921 жылғы ашаршылық кезінде қазақтар босқыншылыққа ұшырады.



БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды Балалар жылы деп жариялағаны белгілі. Халыққа арнаған Жолдауында Президент балаларға ерекше көңіл бөлу керек екендігін жеткізіп, «Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да 2022 жылды Балалар жылы деп жариялаймын. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскемендегі ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Балалар жылы аясында өңірімізде жыл басынан бері бірқатар ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Оқуда, шығармашылықта және спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ерекше таланттарымен танылып жүрген дарынды оқушылармен кездесу барысында облыс әкімі Даниял Ахметов өңірдегі Балалар жылын салтанатты түрде ашық деп жариялаған болатын.

Облыстық білім басқармасының басшысы Сайрангүл Жұмаділованың айтуынша, Балалар жылына орай облыстық «ЗД модельдеу әлемі» байқауы, «Дарындар шұғыласы» көркемөнерпаздар байқауы, «Бояулар құпиясы» жас суретшілердің шығармашылық байқауы, «New generation» IT-фестивалі өтті. Балаларды қолдау және шығармашылығын дамыту мақсатындағы мұндай мәдени, спорттық, зияткерлік білім бағытындағы іс-шаралар об-

лыстың барлық қала, аудандарында өтіп жатыр.

Балалар жылын мерекелеу аясындағы осындай шаралардың бірі – «Білім жолы» облыстық зияткерлік марафоны Өскемендегі №46 орта мектебінде өтті.

Бұл білім марафоны мектеп-алды даярлық сыныптары балаларының танымдық белсенділігін дамыту және қолдау, олардың шығармашылығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында ұйымдастырылды. Іс-шараға облысымыздың қалалары мен аудандарынан білімді де зерек балалар жиналып отыр. Бұл іс-шара сендер үшін білім әлеміне жаңа, қызықты саяхат сыйлайтын мереке. Баршаңызды алдағы 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Қызықты жазғы демалыстан кейінгі жаңа оқу жылы сендерге өз қабілеттерің мен таланттарыңды көрсетуге мүмкіндік

береді деп сенемін. Әр күннің жаңалыққа толы болсын! – деді Сайрангүл Ахметкерімқызы.

Облыстық білім басқармасына қарасты «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен іс-шараға облыстың барлық аудандары мен қалаларынан 5-6 жас аралығындағы, яғни мектеп-алды даярлық тобындағы 200-ге жуық оқушы қатысты.

Команда құрамындағы қатысушылар квест-ойын түрінде бағдар парағына сәйкес әртүрлі қызықты кезеңдерден өтті. Олар үшін математика, тілдерді білу, әдебиет, шығармашылық және спорт бағытында қарапайым тапсырмалар әзірленген. Білімді балдырғандар әр бекеттегі тақырыптар бойынша тапсырмаларды мұқият орындап, бақтарын сынады. Мәселен, «Театр» бекетінде ертегі көрсетсе, «Математика және логика» бекетінде есепке жүйрік екендіктерін дәлелдеді. «Полиглот» бекетінде үш тілде атаулары берілген суреттерді сәйкестендіріп, «Дисковери» бекетінде жан-жануарлар әлемінен алған білімдерін көрсетті, ал «Шығармашылық» бекетте логикалық тапсырмалар бойынша сурет салды. «Спорттық викторина» мен «Табиғаттану» бекеттеріндегі тапсырмаларды да балалар мүдірмей орындап шықты.



ҚЫСҚА-НҰСҚА

Облыста «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 103 жоба жүзеге асырылмақ. Бүгінде 45 жоба бойынша келісімшарт жасалды. Ал 58 жобаға қатысты конкурстық рәсімдер аяқталуға таяу. Жергілікті әкімдіктер спорттық және әлеуметтік нысандарды салу бойынша жобаларды іске асыруға дайын.

Өскемендегі түрмелерде ағаштан бұйым жасайтын өндіріс орындары ашылды. Өңірдегі түзеу мекемелерінде бірнеше жыл ел нарығына арналған өнімдер шығарылып келеді, нәтижесінде сотталғандар жұмыспен қамтылуда. Мәселен, ОВ 156/2 колониясында оннан астам кәсіпкер ағаш бұйымдарын өндіріп, сотталғандарға жалақы төлеп келеді.

Ұлттық ұлан бас қолбасшысының жүлдесі үшін әскери оркестрлер арасындағы 11-ші «Әскери керней» байқауы Өскеменде өтті.

Конкурста Өскемендегі 5518, Семейдегі 5511, Павлодардағы 5512 әскери бөлімдерінің оркестрлері классика, поп жанрындағы туындыларды ұсынып, саптық дайындығын көрсетті. Байқау финалы Нұр-Сұлтанда өтеді.

Семейде полицейлер Ертіске батып бара жатқан ер адамды құтқарды.

102 арнасына бөрене үстінде қалқып жүрген ер адамға көмек қажеттігі туралы хабар түседі. Жедел жеткен лейтенант М.Иданов суға секіріп, Б.Алтынқан әріптесіне құтқару шеңберін лақтырып, ер адамды жағалауға алып шықты.

ВАЛЮТА БАҒАМЫ

 **433.30 тг.**

 **464.19 тг.**

 **6.48 тг**

 **64.56 тг.**

РЕФЕРЕНДУМ-2022

Түсіндіру жұмыстарын жүргізді

Ауданда 5 маусым күні болатын республикалық референдумға дайындық қызу жүріп жатыр.

Берікхан ТАЙЖИГІТ, АЯҒӨЗ

Елді мекендердің көшелеріне арнайы билбордтар мен референдумның өтетін күні жазылып, барлық жерде жауапты науқан жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, теолог Елдос Байжұманов тұрғындармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын түсіндіру бойынша жұртшылықпен кездесіп, олардың сауалдарына жауап берді.

– Сондай-ақ кездесу барысында биылғы жылдың 2 ақпанында Президенттің Жарлығымен қабылданған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі мақсаттарымен, міндеттерімен және кезеңдерімен таныстырды, – дейді аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Руслан Абай.

Ауа райы		
СЕЙСЕНБІ	 +27° +14°	10 м/с
СӘРСЕНБІ	 +18° +11°	8 м/с
БЕЙСЕНБІ	 +18° +8°	9 м/с
ЖҰМА	 +12° +5°	8 м/с

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Оңтайлы жағдай жасалған

Аудан мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім алуына оңтайлы жағдай жасалған.

Бейсенғазы ҰЛЫҚБЕК, ҮРЖАР



Шартты сурет

– Ауданда мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі 413 жасөспірім бар. Оларға кедергісіз орта қалыптастыру бағытында 51 мектептің кіреберісіне пандус орнатылса, 50 білім ошағына шақыру тетігі қойылған. Сондай-ақ 120 бала денсаулығына байланысты үйде оқып жатыр. Мектеп жасына дейінгі 79 бала бар. Әке-шешесінің қолындағы 13 бала оқуға жарамсыз. 56 мүмкіндігі шектеулі бала

медициналық-әлеуметтік мекемеге барып, түрлі әлеуметтік көмек алса, 72 бала педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінде арнайы мамандардан оқуда, – дейді аудандық білім бөлімінің басшысы Сәуле Жүнісова.

Инклюзивті білім беру – балаларға қимыл-қозғалыс және ақыл-ес жағдайына қарамастан сапалы білім беру.



5 АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫН ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІН КҮШЕЙТУ

- ✓ Конституциялық кеңес Конституциялық сот болып қайта құрылады
- ✓ Конституциялық Сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын ҚР нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды
- ✓ Өлім жазасына тиым салынады
- ✓ Прокуратура туралы заңға конституциялық мәртебе беріледі
- ✓ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заңға конституциялық мәртебе және оған Конституциялық кепілдіктер беріледі
- ✓ Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған сот актісінің негізінде ғана мәжбүрлі еңбекке жол беріледі